

аналармен тек кәмелетке толмаған балалар ғана қабылданады. Алайда, олармен психокоррекциялық жұмыс жүргізу бойынша қызметтер қарастырылмаған.

Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс істеу және жазаны қатаңдату ғана мәселені шешпейді, өйткені мұнда әлеуметтік және моральдық факторлар алғышарттар болып табылады. Олардың қатарында тәрбиенің төмен деңгейі, моральдық құндылықтардың болмауы, маргиналды топқа айналу, жұмыссыздық, алкогольді теріс пайдалану бар.

Бұл қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды қолдау инфрақұрылымының болмауымен, сондай-ақ агрессорлардың мінез-құлқын, менталитетін және құқықтық санасын өзгерту бойынша мақсатты психокоррекциялық жұмыстың болмауымен күрделене түседі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 45 желтоқсандағы «Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму Стратегиясы».

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары» № 636 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 02 ақпандағы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы».

3. Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Қ. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам».

4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2017-2022 жылдар аралығындағы мәліметтері.

Ерланқызы Д. Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Экономика және менеджмент факультеті, Э-242 тобының 2 курс студенті
(*Ғылыми жетекшісі — э.ғ.м, Сәбитқызы А.*)

ҚОҚЫС ҚАЛДЫҚТАРЫН ЖИНАУ ЖӘНЕ СҰРЫПТАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ҚАДАМДАР

Қоғамдағы өзекті мәселенің бірі бұл қоқыс мәселесі болып отыр. Бүгінде бұл мәселенің шешімі бар десекте қолға алынбай тұр. Адамзат барда еш уақытта таусылмайтын қор – қоқыс екендігін түрлі баспасөзде айтылып жүр.

Әлемнің дамыған елдерінде қоқыс қалдықтарын өңдеу және сұрыптау белгілі бір жүйеге келтірілген. Шетелдік азаматтар оған құнды шикізат ретінде қарайды. Себебі баламалы әрі арзан энергия көзін өндіру арқылы қоршаған ортаны қоқыстан тазартып жатыр. Ал біздің елімізде ше? Елімізде қоқысты қайта өңдеп, кәдеге жарату мәселесі жүйелі жолға қойылмаған. Соның салдарынан тұрмыстық қалдықтарды өңдеу ісі алға баспай тұр. Бүгінгі таңда орта есеппен 4,7 миллион тонна қалдық шығарылса, еліміздегі 200-ден астам кәсіпорын оның тек 14,9 пайызын ғана сұрыптап, қайта өңдеуге қауқарлы. Ал 2030 жылға қарай «жасыл экономикаға» бет бұрған Қазақстан бұл көрсеткішті 40 пайызға жеткізуді мақсат етіп отырмыз, бұл көрсеткішпен 10 жыл ішінде діттеген мақсатымызға жетуіміз қиын болары сөзсіз.

Дамыған елдерде тұрмыс қалдықтары табыс көзі екенін түрлі мәліметтерден көруге болады. Бұл бір жағынан бизнес болса екінші жағынан бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі. Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеудің негізгі бағыттары – қағаз өнімдері, әйнек сынықтары, бөтелкелер, полимерлер, пластик өнімдері, ағаш және темір заттары болып тұр. Кейбір елдерде мейрамхана мен түрлі асханадан шыққан тағам қалдықтарынан биогаз өндіретін мемлекеттер де бар. Ал біздің елімізде қоқыс қалдықтарының жәшігіне бара қалсаңыз түрлі тағамдардың жерде жатқанын көріп іштей қынжыламыз...

Әлем бойынша қоқысты қайта жаратудан және сұрыптаудан алдыңғы орында – Франция елі тұр. Онда қоқыспен күресуде қоқыс өртейтін кешенді зауыттар салынған. Париждегі Иври-сюр-Сен зауыты жылына шамамен 600 мың тонна қоқыс өртейді екен. Франция қоқысты селекциялық жинау әдісімен қоқысты қайта өңдеу арқылы 30% алюминий, 50% әйнек өндіреді.

Көрші еліміз Түркияға бара қалсаңыз қаланың тазалығына қызығамыз. Түрік қоқыс тазалаушысы – беделді әрі жалақысы жоғары мамандық болып табылады. Қоқыс тазалаушы орта

буынды банк менеджеріне қарағанда жақсы табыс табады екен. Олардың медициналық сақтандыру, жоғары зейнетақы, қолжетімді баспана алуға мүмкіндіктері зор.

Сингапур күніне 2500 Мвт-сағат электр қуатын қоқыстан өндіреді. Швецияның электр станциясының жарнамайы мен өндірістік шикізатының 99 пайызы қоқыстан тұрады. Фрацияның алюминий, әйнек пен қағазы қоқыстан жасалынады. Австрия астанасында жылына 265 мың тонна қоқыстан жылу энергиясын, ал Бельгия қоқыстан 75 пайыз тыңайтқыш, шикізат, энергия алып отыр.

Ал, аспан асты еліне келер болсақ, бір Шанхайдың өзінде мыңдаған қоқыс қабылдау орындарында 2,5 миллионнан астам жұмысшы еңбек етеді екен. Қоқыс жинаушылардың жалақысы күнбе-күн төленгендіктен, бұл жұмысқа тұрушылар өте көп.

Елімізде тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының жай-күйі және стихиялық үйінділер санының өсуі де өзекті экологиялық проблема болып отыр. Ғарыш мониторингі рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің саны жыл сайын артып жатқанын айтып дабыл қағуда. Тіпті елімізде қалдықтарды жинаумен, тасымалдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын кәсіпорындар туралы толық мәлімет жоқ.

2020 жылы елдегі 3,2 мың полигонда 125 млн тонна қатты тұрмыстық қалдықтар жинақталған. Жыл сайын 5 млн тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдықтар қалыптасады.

Ал, біздің Батыс Қазақстан облысына келер болсақ, тұрмыстық қалдықтардың көлемі 6,3 млн тоннаға жеткен. Яғни, бұл дегеніміз біздің облысымызда жиналған қалдықтар еліміз бойынша барлық жиналған қалдықтардың 5 пайызын құрап отыр. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметіне қарағанда, өңірде жылына 108 мың тонна тұрмыстық қатты қалдық пайда болады.

Енді жалпы тұрмыстық қалдықтардың сақталуына қарай мәліметтерге тоқтала кетсек. Қоқыстың сақталу ұзақтығы бірнеше жүз жылға дейін созылады екен. Соның ішінде газет, картон қағаздар – 3 ай, ағаш тақтайшалар, аяқ киімдер мен банкәлемдер – 10 жыл, темір бөлшектер – 20 жыл, сағыз – 30 жыл, автомобиль батареялары – 100 жыл, полиэтилен пакеттері – 100-200 жыл, пластикалық бөтелкелер – 200 жыл, балаларға арналған бір реттік жаялықтар – 300-500 жыл, шыныдан жасалған бұйымдар – 1000 жылдан астам уақытқа дейін шірімей, жата береді. Автокөлік шинасы 150 жылға дейін шірімейді. Ал осындай дөңгелектің 1 тоннасын өртесе, ауаға 250 келі күл тарап, 450 келі уытты газ бөлінеді екен.

Олар ұзақ сақталған сайын ауаға сіңіп, өздері байқамаса да, адамдарда, әсіресе, әйелдер мен балаларда түрлі ауруды тудыратыны белгілі. Сондықтан да қалдықтарды полигонға көму оларды жоюдың негізгі әдісі еместігін көріп отырмыз.

Демек, қоқыстан құтылудың қосымша жолы қандай деген сұрақтың жауабы да - қоқысты өңдеуге болып тұр. Ал қоқысты өңдеу үшін қоқыс қалдықтарын жинау және сұрыптау мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Қоқыстарды арнайы контейнерге сұрыптап салу әлемнің дамыған елдерінде белгілі бір жүйеге келтірілген деп мақала басында айтып кеткен едік, ал Еуропадағы дамығын елдерде әлдеқашан қалыптасып қалған қарапайым күнделікті дәстүр.

Біздің елімізде қоқысты бөліп тастау мәдениеті әлі күнге қалыптаспағаны өкінішті. Қала халқы үшін қоқыс тіпті керексіз зат. Оның шикізат ретіндегі құндылығын ешбір азамат ойлап та, табиғат алдындағы жауапкершілігін сезіп те жатқан жоқ. Осы жоғарыдағы айтылған мәселелерді ескере отырып төмендегідей талаптарды ұсынғымыз келеді.



1 сурет. Қоқыс қалдықтарын жинаудағы мәдениетті қалыптастыру

Қоқыс қалдықтарын сұрыптау және жинаудағы дәстүрді қалыптастырудағы қадамдарды ұсынып отырымыз.

1. Егер адам қалдықтарды сұрыптап салмаса айыппұл салу және жауапқа тартылу керек. Біздің елімізде сұрыптау тәртібін бұзғандарға айыппұл салу қарастырылмаған, тек қоқысты қоғамдық жерге лақтырғандарға әкімшілік құқық бұзушылық бойынша айыппұл салынады.
2. Жасөспіріпдер арасында қоқыс жинап оны өткізгендерді қаржылық марапаттау қажет. Бұл жеткіншек ұрпақтың тазалық сақтауына бейімдей отырып, ынталандыру десек болады.
3. Қоқысты жинаған және сұрыптаған адам коммуналдық қызметтер төлемі бойынша және баспана алуға да жеңілдік беретін мүмкіндік болса, бұл да бір үлкен әсерін тигіздіреді.
4. Қоқыс жәшіктерінің беті жабылуын қадағалау керек, себебі ашық тұрған контейнердегі қоқыстар ұшып шашылып жатады.
5. Құстарға арналған «ұяшықтар» немесе арнайы ыдыстар дайындап, мүмкін болатын жерлерге іліп қойып, тамақ қалдықтарын сол арнайы ыдысқа салынса, тағам да обал болмай, құстарға пайдамыз тиген болар еді.
6. Осы бағытта арнайы бағдарлама қабылданса, болмаса жылды тазалық жылы деп белгіленсе көптеген шаралар ұйымдастырар еді.

«Нан қоқымын шашпаңдар, жерде жатса баспаңдар, Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар» деген өлең жолдарында айтқандай, нан қазақ үшін қастерлі ас. Сондықтан да нан қоқымын жалпы қоқысқа салмай, жеке құстарға арналған «арнайы құстарға арналған тақтайшаға» салсақ жақсы болар еді. Бұл құстарға арналған «ыдысты» қоқыс жәшіктерінің қасына және кейбір үлкен саябақтарға, алейларға орналастыру керек деп ойлаймыз.

Дүниежүзілік банктің мәліметтеріне сүйенсек, 2050 жылға қарай әлемдегі тұрмыстық қалдықтың көлемі 3,4 млрд тоннаға жетеді. Бұл келешекте Жер планетасының үлкен қоқыс полигонына айналатынын білдіреді және ғаламға туып тұрған үлкен проблема екенін айтпаса да түсінікті.

Біздер адамдар қазіргі шағымыз бен келер шағымызды ойлайтын болсақ тыныстайтын ауамыз бен табиғат ананың тазалығын бүгіннен бастап қолға алуымыз керек. Қоқыс қалдықтарды бейберекет лақтыру экологияға орасан зор кесірін тигізетінін халықтың санасына өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына сіңіруіміз қажет.

Қоқыс қалдықтарын жинау және сұрыптау мәдениетін қалыптастырудағы қарапайым қадамдарды біліп оны жүзеге асырып, қоғам және табиғат алдындағы өз жауапкершілігімізді ұмытпай сақтап жүрейік дегіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. Құттымұратұлы Қ. Оралдағы оралымсыздық . – Егемен Қазақстан, 2020. -4 тамыз
2. Кемелбаева А. Қоқысты сұрыптау қолға алынды. – abai.kz
3. <https://qazaly.kz/>

Жакиева А., Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ЖОКББФ, 2 курс магистранты.

(Ғылыми жетекші - Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD) Райбаев Д.К.)

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕКЕ ӨМІРІН, ҚАДІР-ҚАСИЕТІН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК БЕДЕЛІН ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары реформасының аса маңызды құрамдас бөлігі полиция мен қоғам арасында әріптестікке негізделген қарым-қатынастар моделін қалыптастыру болып табылады, оның негізінде қоғамдық сенім мен азаматтар тарапынан қолдау жатыр. Бұл жеке полиция қызметкерлерінің де, жалпы ІІО-ның да оң имиджін қалыптастыруға көп көңіл